

Құрметті ата-аналар!

Сіздердің балаларыңыздың дамуы мен болашағы сіздер үшін қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінеміз. Көру қабілеті бұзылған балаларға дұрыс қолдау көрсету – олардың өмірге бейімделуіне, өзіне деген сенімділігін арттыруға және өз әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді. Сіздерге балаларыңызды қолдауға көмектесетін бірнеше маңызды кеңес ұсынамыз:

Міне, осы үш негізгі кеңес:

1. Баланы ерте жастан өз бетінше әрекет етуге үйретіңіз
Баланың айналаны өзі зерттеуіне мүмкіндік беріңіз. Оның тұрмыстағы дербестігін қолдаңыз: кеңістікте бағдарлануды, киінуді, ас құралдарын пайдалануды үйретіңіз. Бұл дағдыларды ерте меңгерген сайын, оған өмірге бейімделу оңайырақ болады
2. Тактильдік және есту қабылдауын дамыту
Сипап сезу және есту – көру қабілеті нашар балалар үшін басты көмекшілер. Тактильді ойындар ойнаңыз, әртүрлі текстурадағы заттарды ұстап көруге мүмкіндік беріңіз, қоршаған ортадағы дыбыстарды ажыратуға үйретіңіз. Брайль әліпбиімен және бедерлі суреттері бар арнайы кітаптарды қолданыңыз
3. Ыңғайлы және қауіпсіз орта жасаңыз
Үйдегі қауіпті заттарды алып тастаңыз, баланың барлық заттарын әрдайым бір жерде сақтау жүйесін ұйымдастырыңыз. Үй ішінде тәртіп сақтап, жиһаздардың орнын өзгертпей, баланың еркін қозғалуына жағдай жасаңыз.

Тифлопедагог ПМПК №1 Аубакирова Сабина Хапбасовна